

қағаздары жанрының алғашқы үлгілерін көз алдымызға келтіргендей болады. Мұның бәрі айналып келгенде, екі ұлы кемеңгердің бірін-бірі толықтыра отырып, қазақтың қазіргі ұлттық жазба әдеби тілінің негізін қалады деген тезистің дұрыстығын тағы дәлелдейді.

Ыбырай мен Абайдың негізін қалаған бұл әдеби тіл үлгісі олардан кейін сол қалпында сақталып, өз дәрежесінде одан әрі дами берген жоқ. Олай болатын объективті жағдай да жоқ еді. Әрине, олардың идеясын, салған үлгісін әрі қарай жалғастыруда еңбек еткен жекелеген қайраткерлер болды. Бұл орайда, «Дала уәлаяты газетінде» қызмет еткен А.Құрманбаевты, Д.Сұлтанғазинді, Р.Дүйсенбаевты т.б. атауға болады. Бірақ олардың пікірлерінің қалың көпшіліктен қолдау тауып, жұртшылықты жұмылдыратындай қауқары бола алмады. Бұл арада өткен ғасырдың басында ана тіліміздің болашағын ойлап, оның ұлы ағартушылар негіздеген жаңа жазба әдеби тіл үлгісін әрі қарай дамытуда аянбай еңбек еткен Ыбырайдың шын мағынасындағы шәкірті Ахмет Байтұрсынұлын ерекше атауымыз керек. Ол өзінің қазақ тілінің заңдылықтарын баяндап берген іргелі еңбектерімен қатар қазақ қоғамын дүр сілкіндірген алғашқы ұлттық баспасөзіміз «Қазақ» газетін (1913-18) шығарып, жаңа жазба әдеби тіліміздің нағыз үлгісін жасап берді. Сөйтіп, қазақ тілшілерінің дұрыс көрсетіп жүргеніндей, ұлы ағартушылардан басталған жаңа жазба әдеби тіл үлгісі қазіргі кезеңде жан-жақты дамып, өзінің кемеліне келіп отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Сочинения Ч.Ч. Валиханова. – СПб., 1904. -532
- [2] Насыров К. Краткая татарская грамматика изложения в примерах. – Казань, 1860. -179
- [3] Астраханский вестник, 1894, №1377.
- [4] Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского языка. – Казань, 1861. – С. 162.
- [5] Оренбургский листок, 1884, №5.
- [6] Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1966. -162 б.
- [7] Әуезов М.О. Абай Құнанбаев. Шығармалар мен зерттеулер. 1967. -391

МРНТИ 16.01.21

Б. Сағындықұлы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, қазақ филологиясы
кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы,
Алматы, Қазақстан

КӨПТІК МАҒЫНА БЕРУДІҢ ТАРИХИ ЖҮЙЕСІ

Аннотация. Мақалада салыстырмалы тарихи талдау негізінде түркі тілдеріндегі көптік аффикстер жүйесінің дамуы мен қалыптасуы баяндалады. Түркі тілдерінде бүкіл грамматикалық түпкітек формаларда болып өткен өзгерістер, соның нәтижесінде пайда болған сан алуан варианттар бірде-бір түркі жазба ескерткіштерінде, немесе қазіргі түркі тілдерінде толық сақталмаған, тұтасынан қамтылмаған. Қай тілде қай форманың сақталуы сол тілдің даму ерекшеліктеріне тікелей тәуелді. XIV-XV ғасырлардағы қыпшақ ескерткіштері тілі мен қазіргі қазақ тілі арасындағы грамматикалық формалар бойынша айырмашылықтар осы заңдылықтардан келіп шығады.

Тірек сөздер: түркі тілдері, жалғау, жұрнақ, ескерткіштер тілі, көптік мағына, жүйе.

Б. Сағындықұлы

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, профессор
кафедры казахской филологии, доктор филологических наук.
Алматы, Казахстан

ИСТОРИЧЕСКАЯ СИСТЕМА ВЫРАЖЕНИЯ МНОЖЕСТВЕННОГО ЗНАЧЕНИЯ

Аннотация. Статья посвящена вопросам развития и формирования системы аффиксов множественности в тюркских языках на основе сравнительно-исторического анализа. Изменения во всех грамматических формах тюркских языков, в результате которых возникли различные варианты, не сохранились в полной мере ни в тюркских письменных памятниках, ни в современных тюркских языках. Какая форма в каком языке сохраняется, напрямую зависит от особенностей развития этого языка. Различия в грамматических формах между языком кипчакских памятников XIV-XV веков и современным казахским языком проистекают из этих закономерностей.

Ключевые слова: тюркские языки, суффиксы, памятники, множественное число, системы.

B. Sagyndyquly

Al-Farabi Kazakh National University, Professor of Kazakh Philology,
Doctor of Philology,
Almaty, Kazakhstan

THE HISTORICAL SYSTEM OF PLURAL FORMATION

Annotation. The article is devoted to the development and formation of the system of plurality affixes in the Turkic languages on the basis of comparative historical analysis. Changes in all grammatical forms of the Turkic languages, as a result of which variants arose, were not fully preserved either in the written monuments of the Turks or in the modern Turkic languages. Which form is preserved, in which language, directly depends on the specifics of the development of this language. Differences in grammatical forms between the language of the Kipchak monuments of the XIV-XV centuries and the modern Kazakh Language originate from these regularities

Keywords: Turkic languages, suffixes, monuments, plural, systems

Зат есімнің көпше түрі туралы қазақ тіл білімінде мынадай ұғым-түсінік бар: «Сөзге көптік жалғауын жалғау оған көптік мағына үстеудің негізгі жолы болғанымен, бірден-бір ғана жолы емес. Ана тілімізде зат есімнің көпше түрі жасалуының бұдан басқа да тәсілдері бар. Жалпы, көптік мағына тудырудың тіліміздегі барша тәсілін, шартты түрде болса да, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік деп аталатын негізгі үш топтың төңірегіне жинақтап көрсетуге болады.

Морфологиялық тәсіл немесе көптік тұлғаның арнаулы қосымша арқылы жасалу тәсілі, негізінен, көптік жалғауының қызметіне байланысты (ҚТГ, 1967, 52-б.). Қазақ тілінде көптік ұғымды білдіретін үш түрлі морфологиялық форма бар. Олардың бірі – **-ыз/-із, -з**, екіншісі – **-к/-к**, үшіншісі – **-лар/-лер, -дар/-дер, -тар/-тер** формасы [1, 42б.]. Бұлардың арасында **-лар/-лер, -дар/-дер, -тар/-тер** жалғауының орны ерекше, чуваш тілін есептегенде, бүкіл түркі тілдерінде аса өнімді жұмсалады.

«Кодекс куманикус» және «Ат-тухфа аз-закийя...» ескерткіштері тілінде бастан-аяқ **-лар/-лер** көптік жалғауы қолданылған. Тілші-түркологтар Ә.Құрышжанов пен М.Зияеваның көрсетуі бойынша, бұлар дауыссыз дыбыстардың үндестігіне ұшырамаған, кез келген дауыссыз дыбыстан кейін осы күйінде жалғана береді. Алайда жуан түбірлер мен негіздерден кейін **-лар**, жіңішке түбірлер мен негіздерден кейін **-лер** формасы қосылады. Негізінен зат есімдер мен есімдіктерге, заттанған жағдайда кез келген сөз табынан болған тұлғаларға жалғана береді. Есептік сан есімдермен тіркескен сөздерге көптік жалғауы жалғанбайды: *үч хан* (үш хан), *алты йыл* (алты жыл), *еки йол* (екі жол) т.б. Аталған ескерткіштерде көптік жалғауының **-з, -к, -ғ, -т, -ш** сияқты бірен-саран көне формалары кездеседі, бірақ олардың барлығы сөз түбіріне сіңісіп кеткен.

Көптік жалғаулары, негізінен, екі семантикалық-грамматикалық мағынада жұмсалған: 1) белгілі бір заттың, нәрсенің дербес-дербес санап көрсетуге болатын бөлшектерден тұратындығын көрсетеді. Мысалы, *ағашлар* (ағаштар), *бизлер* (біздер), *тағлар* (таулар) т.б. 2) белгілі бір адамдардың тобын, жиынтығын білдіреді. Мысалы, *кішілер* (кісілер), *азамлар* (адамдар),

білмезлер (сауатсыздар) т.б. Егер сөйлемде бастауышқа көптік жалғауы жалғанса, баяндауышқа да көптік жалғауы жалғанып, бір-бірімен қиысады. Мысалы, *анлар сордулар* (олар сұрады), билге тетик *кишилер* меним сөзім *ешитиңлер* (білікті, есті кісілер, менің сөзімді тыңдандар) т.б. [2,187-188б.].

«Кодекс куманикус» ескерткішінен мысалдар: Ол *сағытлар* ким Христусны *туталар қынадылар* дағы *өлдүрдилер*. Ол сағыт ол тур *қылычлар буловлар, сүңүлер, суруқлар* өзге сағыт не була *туттулар*. Ысы *фанарлар* биле *чырақлар* биле не була аны *издедилер* бақчада дағы кенси қайғысы қорқуку титиремек. Кенси йалбармақы биле ол сырт үстүнде ол йукты дағы кенсиниң қанлы тери түшти йерге фериште келип өбүтті. Дағы керек бизге сағышламаға нечик ол *душманларны* утру барды дағы бир сөз биле барчасын йерге урды [2, 164]. Қазақшасы: «Сол қару-жарақтармен олар Христосты ұстап алды, қинады және өлтірді. Ол қару-жарақ – қылыш, шоқпар, найза, сырықтар еді, қандай қару тапса да қолдарына ұстады. Ыстық-ыстық фанарлармен, шырақтармен тағы басқа тапқан-таянғандарымен оны бақшадан іздеді. Христос іздеушілердің қаһарынан қорқып дірілдей бастады. Ол өзінің өтініші бойынша осындай күйге түсті. Сыртқы денесіне улы зат жұқты дағы қанды терісі жерге сыпырылып түсті. Көктен періште келіп, оның денесін сүртті. Бұл туралы қандай нышан біздің ойлануымыз керек, ол періште дұшпандарға қарсы жүрді-дағы бір-ақ сөзбен олардың барлығын жерге сұлатты».

«Ат-тухфа аз-закийа...» ескерткішінен мысалдар: *Биләр келдиларми* (билер келді ме); *биләр келдиләр* (билер келді), *құллар кәтсинлар* (құлдар кетсін), *кичилар келдилар* барча (барлық адамдар келді) т.б.

Бүкіл түркі тілдерінде ұшырасатын көптік жалғау **-лер/-лер** туралы жоғарыда баяндалып өткен теориялық тұжырымдар мен қорытындылардың дұрыстығын келтірілген мәтіндер анық та айқын байқатып тұр.

-лар/-лер түрколог-тілшілер тарапынан қаншалықты зерттелсе де, оның шығу тегі әліге дейін ашылмай отыр: «Вопрос о происхождении аффикса **-лар** ставился многими тюркологами и алтаистами, однако удовлетворительного решения не получил» [3, 83]. Аталған форманттың этимологиясы негізінен екі бағытта зерттелуде: «Одни ученые во главе с Г.М.Рамstedтом связывали **-лар** с самостоятельным словом, впоследствии потерявшим свое реальное значение и превратившимся в аффикс. Другие считают, что **-лар** представляет собой сложный аффикс, состоящий из двух древнейших показателей множественности или собирательности: **Л** и **Р**» (СТ, №5, 1971, с.11). Тіпті Д.Синор мен П. Аалто **-лар** жүйесі бөлек өзге тілдерден түркі тілдеріне енген жалғау деген пікір де айтқан [3,84].

Түркологтардың қазіргі буыны ***-з, *-к, *-қ, *-л, *-м, *-н, *-р, *-с, *-ч, *-ш, *-т, *-қ+*-н, *-қ+*-л, *-ғ+*-т, *-ғ+*-р, *-л+*-қ, *-лар** форманттарын тұтасынан жинақтау мағынасын білдіретін көрсеткіштер деп таниды [4, 89-94].

Санамаланған форманттардың тегі бір ме, әлде әр басқа ма? Көптік формалары неліктен осыншама тарамданып кеткен? Негізгі себеп субъективті: кейінгі кезеңдерде әртүрлі жолдармен, әртүрлі тәсілдермен өмірге келген

элементтердің тарихқа белгісіз өте ежелгі дәуірде пайда болған элементтермен бір деңгейде қатар қойылуы көптік мағына беретін форманттардың санын көбейтіп жіберген. Басқаша айтқанда, түркі тілдерінің диахрониялық көне жүйесі мен синхрониялық жаңа жүйесі ажыратылмаған. Көптік жалғаулардың барлық варианттарына бірдей тоқталу арнайы зерттеуді талап етеді. Біз төменде түркі халықтарының өзімен бірге жасасып келе жатқан ең көне қалдықтар мен сарқыншақтарды сөз еткелі отырмыз.

Орхон-енисей орта ғасыр ескерткіштері тілінде кездесетін **тарқа+т** (атақ, жекешесі – **тарқа+н**), **теги+т** (атақ, жекешесі – **теги+н**) сөздері құрамындағы **т**, **теле+ут**, **турк+ут** этнонимдері құрамындағы **-ут** көптік мағына береді. Мұндай мағынаны қазақ тіліндегі **бі+з**, **сі+з** жіктеу есімдіктеріндегі **-з** элементі де бере алады. Сонымен қатар **ч** аффрикаты мен **ш** қатаң дауыссызы да қазіргі түркі тілдерінде осындай қызмет атқарады.

«Ортақтық», «жинақтау», «мол болушылық» ұғымдары көптік ұғымынан шығады. **Қарын+д+ас**, **жол+д+ас** сөздері арқылы берілетін ортақтастық мән көне ***ас** көптік формасы негізінде беріліп тұр деп есептейміз. Ал **д** - түбір мен негіздегі қос дауыссыздардың есебінен жылысып келген кірме дыбыс [5, 134-135] . Ортақ етістің **-ыс/-іс**, **-с** жұрнағы да этимологиялық жағынан, сөз жоқ, көптік жалғауына барып тіреледі. «Өлең+ті», «Қараған+ды» т.б. жер, елді мекен атауларына жалғанған **-ты/-ды**, **-ті/-ді** көне жұрнағы «бір нәрсенің молшылығын» көрсетеді. Қазіргі заманғы сын есім жұрнақтары – **-ты/-ті**, **-ды/-ді**, **-лы/-лі** дәл осы мағынада жұмсалады: **су+лы**, **орман+ды**, **гүл+ді**, **тас+ты** т.б. Түркі тілдерімен типологиялық жағынан салыстырғанда жүйесі мүлде бөлек саналатын араб тілдерінде көптік мағына **т** (**ат**) фонемасы арқылы беріледі. Орыс тілінде де баяндауыштың көптік мағынасы **-ут**, **-ют** жұрнақтары арқылы жасалатыны белгілі. Қазақ тіліндегі көптік мағына беретін жалғау **т+ар**-дың құрамында да **т** элементі бар.

Түркологияда осы кезге дейін **л**-ден басталатын көптік жалғауы **-лар/-лер** түпкітек (архетип) саналып келді. Шындығында, бұл форма - түпкітек емес, позициялық-комбинаторлық өзгерістердің әсерінен пайда болған вариант қана. Тіліміздегі **л**, **м**, **н** сонорлары – сөз басындағы кез келген дыбысты ығыстырып шығарып, соның орнына өздері тұрып алатын қабілеті бар ерекше фонемалар. Мысалы, **Жақып-Нақып**, **Жүсіп-Нүсіп** есімдерін, **шайқалу-найқалу**, **тығыз-нығыз** сөздерін өзара салыстырсақ, алғашқы сыңарларының байырғы, соңғы сыңарларының кейінгі құбылыс екендігін ажырату қиын емес. Әдеби тілдегі **маңдай**, **таңдай** сөздері диалектілерде **маңлай**, **таңлай** болып айтылады. Мұндағы **-дай** тұлғасы **тек** (сияқты) шылауының өзгерген формасы. Демек, алғашқы түбірде **л** дыбысы жоқ, бар болғаны тілге жеңіл **л** соноры **т** қатаңын ығыстырып, орнына өзі тұрып алған. Сын есімнің **-лы/-лі** жұрнағы да оның байырғы **-ты/-ті**, **-ды/-ді** жұрнақтарынан дыбыс ығыстыру заңдылығы негізінде туындаған. Олай болса **л** фонемасында ілгері заманда көптік мағына болмаған. Көптік жалғау құрамындағы **л** ұяң қалыпта бәсең айтуды ұнататын оғыз, қарлұқ тілдерінде алдымен қалыптасқанға ұқсайды. Яғни **т>л**.

Сонымен қазіргі тілдердің тұрғысынан да, көне жазбалар материалдары бойынша да көптіктің ***-ат (-ут,-ит), *-ас (-ус,-ис), *-аз(-уз,-из), *-аш(-уш,-иш), *-ач(-уч/-ич)** форманттары қалпына келеді. Бұл жерде мына мәселені ерекше атап өтуге тура келеді: морфемалардың диахрониялық, синхрониялық жігі бір емес. Көптеген қате тұжырымдар көне жік пен жаңа жікті дұрыс айыра алмаушылықтан келіп шығады. Мысалы, жоғарыдағы **теги+т, тарқа+т** сөздерін түркологияда қабылданған дәстүр бойынша біз де екіге бөлдік. Шындығында, бұлар **тег+ит, тарқ+ат** түрінде түбір мен қосымшаға ажырайды. Себебі, жалғаудың алдындағы түбір мен негіз – **тек және тар+уқ**, алғашқы бөлініс бойынша **тарқа, теги** деген түбір мен негіз тарихта жоқ. Сол сияқты **біз, сіз** есімдіктері де **б+із, с+із** түрінде бөлінеді. Мұнда түбір өте күңгірттеніп кеткен. Мүмкін әуелде **би+из, си+из** болып, дауыссыздар арасындағы дауыстылар бір-біріне сіңісуі ықтимал.

Түркі тілдері флективті құрылымды басынан кешірген кезеңде дербес тілдік бөлшек – түбіртек (архесиллаб) қолданыста болған. Түбіртек дегеніміз бір ғана архетип дауыссыз фонема мен бір ғана архетип дауысты фонеманың тіркесуінен тұратын белгілі бір лексикалық немесе грамматикалық мағына беретін буын (мысалы, **ан, на, ар, ур, ир** т.б.). Түбіртектер әртүрлі фонетика-фонологиялық өзгерістерге ұшырап, біздің заманымызға дейін жетіп отыр (Түбіртек туралы арнайы зерттеулер болашақта баспа арқылы жарияланады. - Б.С.). Тілдік материалдарға қарағанда, көптік ұғымын белгілі бір дауыстылар қоршауындағы **т[с/ш]** күрделі аффрикаты бергенге ұқсайды. Бұл күрделі аффрикат тарихи даму барысында **тс(ц), тш(ч)** аффрикаттарына бөлінген [5, 23б.] Көптік жалғауының қазіргі түркі тілдеріндегі бүкіл варианттары бір кездегі толық мағыналы түбіртектің сарқыншақтары болып табылады. Біз қалпына келтірген ***-ат(-ут,-ит), *-ас(-ус,-ис), *-аз(-уз,-из), -аш(-уш,-иш), -ач(-уч,-ич)** форманттары не **тс(ц)**, не **тш(ч)** аффрикатының ыңғайына қарай топтасады. Бірақ айналып келгенде, бұлардың негізгі түбірі бір.

Сана-сезімі әлі жетіле қоймаған кезеңде адамдардың көптік ұғымды мағынасы аса жалпы сөзбен атауы ықтимал-ды. Осы тұрғыдан келгенде, Т.Ковальскийдің ұғымның арғы тегі «бірнеше, көп» тәрізді аса абстрактіленген сөз болуы мүмкін деген болжамы ақылға сыяды [6]. Кез келген дерексіз ұғымның ол баста нақты ұғымда пайдаланғанын ескерсек, **-ат(-ут,-ит), -ас(-ус,-ис)** т.б. варианттардың түпкітегі тарихқа белгісіз ескі заманда көптік ұғымын беретін толық мағыналы сөз болғаны анық.

Олай болса, көптік мағына беретін сөздің сарқыншағы (реликтісі) **-т** элементі өз соңынан **-р** фонемасын (немесе **-ар** морфемасын) қалай жамап алған? Құранды жалғау алдымен баяндауыштардың құрамында қалыптасқанға ұқсайды. Жама'ат қачмаға йүз **туттылар** (Көпшілік қашуға бет қойды); халайық фүлүс бериб су **ичарлар** (халайық пұл беріп, су ішіп жатыр) (Наджип, 1975, ч.І. с.101). «Тутты+лар», «ичар+лар» формалары баяндауыш ретінде қазіргі тілдерде қолданылмайды. Мұны ежелгі дәуірлерде орта ғасырларға дейін келіп жеткен тілдік қалдық (реликт) деп түсінген жөн. Сірә, ілгері заманда бастауыштың көптік мағынасы баяндауыштың көптік мағынасымен

үйлесіп қиысқанға ұқсайды.

Көне **ар** түбірі қандай ұғым береді? Ер – «быть» [7]. Бұл – аса ежелгі **ар** тұлғасының жіңішке фонетикалық варианты. **Ар** мен **ер**-дің ұғымы тең: **ар=ер**. Көптік жалғауы варианттарының бірі болып есептелетін **-тар**-дың құрамындағы **-ар** да – осы **ар**. Мысал ретінде «бар+ың+д+ар» сөзін талдалық. **Бар** («бару» ұғымын беретін түбір)+**ың** (бұйрық мәнін беретін жұрнақ)+**д** (көптік мағына беретін көне тұлға)+**ар**(болу). Сонда, шамамен алғанда «көп болып бар» деген түсінік береді. Бұл жерде **-ар** бөлшегі – қазіргі заманғы терминмен айтқанда, көмекші етістік. Тарихи тұрғыдан демеушілік қызметін атқарып тұр, объектінің немесе субъектінің көптігін растап, атқарылған іс-әрекеттің анық, күмәнсыз екендігін аңғартады.

Бұрынғы лексикалық мәнінен айрылған **-ар** тұлғасының Орхон-Енисей дәуірінде есептік сан есімдерге жалғанғанында да бір сыр жатқан сияқты: **уч+ар, екир+ар** т.б. (ДТС, 650-бет). Мұның сол кезде «екіге толтыр», «үшке толтыр», «екі-екіден болсын», «үш-үштен болсын» тәріздес ұғымдары болған. Бұл жұрнақтар арқылы жасалатын сандар бөлінетін сан есімдер деп аталады (СИГТЯ, 1988, с.193-195). Есептік сандарға қосылған **-ар/-ер** формасының, әлбетте, көптік ұғымды бере алатын тілдік элементке де қосыла алатыны дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Алайда белгілі бір түбірдің лексикалық мағынасына орай оған қосылған жұрнақтың грамматикалық мағынасына да өзгеріс ететіні заңды.

Көптік жалғауының басқа формалары туралы бірер сөз. Бірқатар түркі тілдерінде **-тар** (немесе **-лар**) формасының басқы дыбысы түсіп қалып, **-ар** қалпында, соңғы дыбысы ықшамдалып, **-ла** түрінде айтылатын фактілер бар. Солай бола тұрса да, түркологияда ***-ар, *-ла** формалары дербес көптік формасы болып есептеледі (СИГТЯ, 1988, с.14-16). Шындығында, бұл – **-тар** (немесе **-лар**) жалғауының варианттары. Үнемдеу заңының ықпалы ескерілмегендіктен, осындай қате тұжырым жасалған.

Кейбір зерттеушілердің пікірінше, «құмақ» (құм) сөзінің соңғы дыбысы **қ** да көптік формасы болып саналады [5]. Іс жүзінде бұл сөз ***қумдақут>қумдағут** (құмдауыт) тұлғасынан пайда болған. Кестесі:

1. ***қумдақут >қумдағут > құмдауыт**
2. ***қумдақут >қумдақ >құмақ**

Жалпытүркілік **у** дауыстысының тарихи даму барысында бірінші буында **ұ** дыбысына, қалған буындарда **ы** дыбысына айналатынын жоғарыда айтып өткенбіз. Қазақ тіліндегі «құмдауыт» (құмайты, **құмдақты жер**) сын есімі осы заңдылықтың негізінде өзгеріске ұшыраған. Екінші вариант «құмақ» **-ут** жұрнағының сонымен қатар **д** ұяңының үнемдеу заңының әсеріне ұшырап, жойылып кетуінен тілдік өмірге келген. Көне **қумдағут** сөзі құрамындағы **-ут** формасы, фонетикалық өзгеріске ұшыраған **құмдауыт** сөзі құрамындағы **-ыт** формасы ілгері дәуірлерде көптік мағына берген. Бұл көптік мағына бірте-бірте **құмақ** зат есімінің құрамындағы **қ** фонемасына көшкен. Бұлай болған жағдайда ***-қ** көптік формасы емес, көптіктің мағынасын тілдік фактордың себебінен уақытша атқарып тұрған жаңа элемент болып есептеледі. Көптік

жалғауларының кейбір зерттеулерде аса көп болуының басты себебі осындай субъективтік көзқарастарда, яғни жаңа элементтерді ескі элементтерге балауында жатыр.

Көптік жалғауы жөнінен түркі тілдері ішінде чуваш тілі ғана – ала-бөтен. Көрсеткіші – **-сэм/-сам, -сен/-сэн**. А.М.Щербак былай деп жазады: «Происхождение **-сэм** до сих пор остается неясным. Н.И.Ашмарин возводил его к слову **сан** (число), Г.Рамстедт – к слову **сајін** (каждый) (күн сайын «каждый день»), образованному от общего с **сан** корня **-са** (считать). О.Прицак видел в нем сочетание двух общеалтайских показателей множественного числа (***-са~*-сә** и ***-ін**), тогда как Н.А.Андреев отнес его к числу аффиксов, заимствованных из нетюркских языков» [3, 85]. Бұл болжамдардың біреуі де шындықпен үйлеспейді.

Талдау барысында айқындалғанындай, көптік мағына **-сэм/-сем** формантында да **с** дауыссызында тұр. Бұл ерекшелік оны қазақ тіліндегі «сам+са» (қаптап кету, өте көп болу) етістігімен салыстырғанда анық байқалады. (**сам+са** сөзі **сан сан** қайталауынан шығуы да ықтимал: **сансан> санса> самса**. -Б.С.). **с** дыбысының өзге түркі тілдерінде де көптік мағына бере алатыны дәлелденілген. Өйткені **с** жоғарыда атап көрсетілгеніндей, көптік мағына беретін **тс** (ц) аффрикатынан бөлініп шыққан. Бұрынғы қалпына келтірсек, чуваш тіліндегі ежелгі көптік жалғауы ***-цан** түрінде тұлғаланар еді. Сонда ***-цан** (қазіргіше **-сэм**) осы форманттың бір варианты болып шығады. Өзге түркі тілдеріндегі ***-цар** (қазіргіше **-тар/-тер**) формасынан оның басты айырмашылығы **-ар** элементін емес, **-ан** элементін қосып алғандығында.

Бурят-моңғол тілінде көптіктің чуваш тіліне ұқсайтын **-тан** варианты бар. Жекеше: **аха** (үлкен), **буу** (мылтықты), **сасуу** (кұрдас); көпше: **аха+тан** (үлкендер), **буу+тан** (мылтықтылар), **сасуу+тан** (кұрдастар) [8, 113]. **-тан** формантындағы **-ан** бөлшегі құрылысы жағынан да, семантикасы жағынан да чуваш тіліндегі **-ан/-эм** бөлшегімен бірдей. Бұл факт **-с+ан, -т+ан, -т+ар** көптік жалғауларының екіге ажырай алатындығын дәлелдейді. Аталған тілде **-шуул** формасы да ұшырайды. Жекеше: **дархан** (ұста), **баян** (бай), **һамчан** (кемпір); көпше: **дарха+шуул** (ұсталар), **бая+шуул** (байлар), **һамга+шуул** (кемпірлер) [8, 129]. Демек, бурят-моңғол тілінде **ш** дауыссызы да көптік мағына бере алады. Сайып келгенде, моңғол тілдерінде **тш** (ч) аффрикаты қалпына келеді. **тс** (ц) мен **тш** (ч) төркіндес, бір күрделі аффрикаттан шыққан.

Бір ғажабы, түркі тілдерімен ұялас моңғол тілдерінде көптік мағына **т** (д) фонемасы арқылы беріледі. Бірнеше диалектіден тұратын бұл тілде **-ууд/-үүд, -нууд/-нүүд, -д, -гууд/-гүүд** формалары аса жиі пайдаланылады [3, 122]. **н, г** дыбыстары морфологиялық жылысудың нәтижесінде көптік жалғауының құрамында қалып қоюы мүмкін. Өйткені жылысу – барлық тілдерге ортақ заңдылық. Бұлай болған жағдайда **т**-ның ұяң варианты **д** қай құрамда келсе де көптік мағынаға ие болып тұр.

Бұл айтылғандардан мынадай қорытынды шығады: көптік жалғауы тарихқа белгісіз бір кезеңде жеке сөзден пайда болған. Оның лексикалық

мағынасын түркі тілдеріндегі кейбір түбірлер (**талай, самса** т.б) ғана еміс-еміс, сезілер-сезілмес көмескі күйде сақтап қалған. Ал грамматикалық мәні негізінен **т(д), с(з), ш(ж)** фонемалары (бұлар **ц** аффрикатынан өрбіген –Б.С.), **тш(ч)** аффрикаты арқылы беріледі. Бұл фонемалар алтай семьясындағы барлық тілдерге ортақ және олардың ол бастағы фонетика-фонологиялық негізі бар. **т(д), с(з), ш(ж), тш(ч)** форманттарына **-ар/-ер, -эм/-эм, -ул/-үл, -ан/-ен** сияқты морфемалар кейінгі дәуірлерде кіріккен («Кейінгі дәуір» дегеніміздің өзі кем дегенде бес-алты мың жылды қамтиды –Б.С.).

Сонымен жаңа ғылыми болжам бойынша қазақ тіліндегі көптіктің **-тар/-тер, -дар/-дер, -лар/-лер** варианттарының ең көнесі – ***-тар**. Бұл екі элементтен тұрады: **т** және **-ар**. **т** – көне көптік формасының сарқыншағы, ***-ат, *-ут, *-ит** тұлғаларында бұрынғы қалпына келеді. «Ортақтық», «жинақтау», «мол болушылық», «көп, өте көп болу» т.б. ұғымдарын береді. **-ар** объектінің яки субъектінің көптігін растайтын, сондай-ақ атқарылған іс-әрекеттің анық, күмәнсіз екендігін білдіретін, тарихи тұрғыдан демеушілік қызмет атқарған көне көмекші етістік. Түркологтар түпкітек (архетип) деп таныған **-лар/-лер** формасы кейін пайда болған варианттардың бірі ғана. Ол – **т>л** ауысуы негізінде тілдік өмірге келген формант. Анығырақ айтқанда, **л** соноры (айтылуы жеңіл болғандықтан) **т** қатаң дауыссыздығын ығыстырып, орнын басқан. Ығыстырушы дыбыстардың қатарына **н, м** сонорлары да жатады. Бұл заңдылық түркологияда кейінгі жылдарда ғана ашылғандықтан, **т~л** сәйкестігі тілші ғалымдарға осы кезге дейін жұмбақ болып келген. Сайып келгенде, көптік жалғаулары – түркі халықтарының өзімен бірге жасасып келе жатқан ең ежелгі құбылыс.

Көптік жалғауының **-тар/-тер, -дар/-дер** варианттарының да пайда болу тарихы әріде жатыр. Түркі тілдері дамуының диахрония дәуірлерінде бірыңғай жуан дауыстылар мен қатаң дауыссыздар болғанын, синхрония дәуірлерінде жіңішке дауыстылар мен ұяң дауыссыздар тілдік өмірге келгенін қайталап айтамыз. Сонда **т>д, а>е** фонологиялық өзгерістерін диахрония мен синхрония жемістері деп тануымызға тура келеді. Демек, санамаланған алты варианттың түпкітегі (архетипі) ***-тар** екендігінде дау жоқ. Әңгіменің барлығы осы вариант төңірегіне шоғырлануы оның түпкітек болғандығынан деп түсінген жөн. Әлем тілдерінде **ат~та** сингармониялық варианты «бір», «жеке», «дара» ұғымдарын береді. Ол антонимиядағы энантиосемия құбылысына бағынып, көптік мағына беруі де ықтимал. Бұл жайтты да ескермеске болмайды.

Көптік жалғаулары тарихқа белгісіз ежелгі дәуірлерден түркі, моңғол тілдерінде өмір сүріп келеді. Бұл тілдерді өзара салыстырғанда, негізгі грамматикалық көптік мағына **т/д, с/з, ш/ж** дыбыстарында сақталғандығы анықталды. Әртүрлі грамматикалық өң, реңк беретін **-ар/-ер, -эм/-эм, -ул/-үл, -ан/-ен** формалары аталған дыбыстарға кейінгі дәуірлерде қосылып кіріккен.

Түркі тілдерінде бүкіл грамматикалық түпкітек формаларда болып өткен өзгерістер, соның нәтижесінде пайда болған сан алуан варианттар бірде-бір түркі жазба ескерткіштерінде немесе қазіргі түркі тілдерінде толық

сақталмаған, тұтасынан қамтылмаған. Кейбір өзгерістер бірінде бар болса, бірінде жоқ болып шығады. Қай тілде қай форманың сақталуы сол тілдің даму ерекшеліктеріне тікелей тәуелді.

XIV-XV ғасырлардағы қыпшақ ескерткіштері тілі мен қазіргі қазақ тілі арасындағы грамматикалық формалар бойынша айырмашылықтар осы заңдылықтардан келіп шығады. Оларды жалпытүркілік дамудың бір-бір бунағы, буыны (звеносы) деп қарастыру қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі: (Морфология). Алматы, 1974. -210 б.
- [2] Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1971. – 272 б.
- [3] Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (Имя). – Ленинград: Наука, 1977. – С. 191.
- [4] Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – М.: Наука, 1986. – С. 283.
- [5] Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы, Қазақ университеті, 2005. - 426 б.
- [6] Фазылов Э.И., Зияева М.Т. Изысканный дар тюркскому языку. – Ташкент: Фан, 1978. – 451 с.
- [7] Айдаров Г. Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века. – Алма-Ата: Наука, 1971. – С. 380.
- [8] Сборник трудов. – М., 1948, - С.133.

МРНТИ16.21.51

К.Күдерина

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
филология ғылымдарының докторы
Алматы, Қазақстан
kuderinova_70@mail.ru

ҚЫПШАҚ ТОБЫ ТІЛДЕРІНІҢ 30 ЖЫЛДАРДА ҚОЛДАНҒАН ЛАТЫН ӘЛІПБИЛЕРІ

Аннотация. Латын әліпбиін қабылдаған түркі тілдерінің дені негізінен оғыз тобындағы тілдер болып табылады. Ал қыпшақ тобына жататын түркі тілдерінен тек қарақалпақ тілі латын графикасын пайдаланады. Болашақта қазақ, башқұрт, татар, қарашай, құмық, ноғай тілдері латын графикасына ауысатын болса, бұл тілдердің ортақ базалық әліпби жүйесі болуы керек деп ойлаймыз. Сондықтан мақалада фонетика-фонологиялық жүйесінде көп